



№19 (1643)
12 – 18 мамыр
2022 жыл



ANA TILI

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Ұлт Таңы

Сөзі жоғалған
жұрттың
өзі де жоғалады



www.anatili.kz

www.facebook.com/anatilikaz

www.twitter.com/anatilikz

e-mail: anatili_gazeti@mail.ru

■ ҚОҒАМ. ПІКІР ТАЛҚЫ

БАЙЛЫҚТАН АРТЫҚ ДОСТЫҚ БАР, ДОСТЫҚТАН АРТЫҚ БАЙЛЫҚ ЖОҚ

Берік БЕЙСЕНҰЛЫ
«Ана тілі»

«Атамекенімізден келіп отырған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мырза мен оның құрметті делегациясының келгеніне аса қуаныштымыз. Бұл Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанның жүрежарды пікірі. Иә, бұл сөздің астарында «түркі жұрты түгел бол» деген бауырластық сөзі мен қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтерудегі үлкен стратегиялық қадам жатқанын толық аңғаруға болады. Шын мәнінде, түркі жұрты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия Республикасына мемлекеттік сапарына зор мән бергенін айқын аңғаруға болады. Қазақ президентінің сапары Түркияның негізін қалаушы әрі тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің рухына тағзым етуден басталды.



лар аясында Мемлекет бас-
Құрметті қонақтар кітабына
да қалдырды. Одан кейін
Жомарт Тоқаев пен Режеп
Ердоған екі ел арсындағы

БҮГІНГІ САНДА:

■ САҒЫНЫШ СӨЗ



Әркімнің өз
Фудзиямасы бар

6-бет

■ БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ



Таныммен
тандем тұлға



СТУДЕНТТЕРГЕ БАР ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Білім және ғылымның ірі орталығы, жоғары білім сапасы бойынша көш бастайтын оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Ол еліміздің ғылым саласына және қоғамдық өміріне зор үлес қосқан, 88 жылдық тарихы бар білім ордасы.

Қазақ білімі мен ғылымының кара шаңырағына айналған оқу орнында 16 факультет, 70-тен астам мамандық бойынша студенттерді даярлайды. Бүгінде еліміздің және алыс-жақын шаһарлардың 25 мыңнан астам жастарының басын қосып оқытуда. Сонымен қатар QS әлемдік рейтингінде әлемнің ең үздік 200 университеті қатарына кіретін жалғыз қазақстандық жоғары оқу орны.

Қалашықта студенттердің өз қажеттілігіне керекті жағдай жасалған. Атап айтқанда, Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, «Керемет» қызмет көрсету орталығы, әл-Фараби кітапханасы, спорт кешендері, мұражайлар, оқу-ғаламтор орталығы, жас ғалымдар үйі, жатақханалар, медициналық пункт орналасқан. Бұл студенттерге жасалған зор мүмкіндік.

Ғасырға жуық уақыт ішінде 10-нан астам ректорлар басқарғанын ескерсек, басшылықтың осал болмағанын аңғаруға болады. Университетімізді 2021 жылдан бастап, филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Түймебаев басқарып келеді. Тәжірибесі мол басшы басқарып тұрған университетіміз барлық заманға сай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Студенттерді әлемдік дәрежеде көрсетуге көп еңбек жасалған. Кара шаңырағымыздағы барлық жасалып жатқан жұмыстардың деңгейі мен тәсілдері басқа жоғары оқу орындарына үлгі бола алады.

Университеттің бетке ұстар факультеттерінің бірі – Экономика және бизнес жоғары мектебі. 73 жыл тарихы бар факультетіміз жылдан жылға еліміздің экономика саласы бойынша білікті мамандарды, кадрларды дайындауда. Әсіресе «Логистика» – бүгінгі заман мамандығы. Қазіргі бизнесте бұл мамандық стратегиялық маңызды рөл атқарады, мұны дамыған елдердің тәжірибесі растап отыр. Ол сатып алу, тасымалдау және жеткізу процестерінің барлығын ұйымдастырады.

Ертенгі болашағына именбей, сеніммен қарап, анық кадам басуына жағдай туғызар оқу орнының алдыңғы көшінде сап түзеген Экономика және бизнес жоғары мектебінің есігі әрдайым бөріне ашық.

И.М.УМАРОВ,
«Бизнес және технологиялар кафедрасының» аға оқытушысы
А.С.БЕЙСЕКЕЕВ,
«Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Логистика» мамандығының 4-курс студенті

Республикасына ресми іссапары шеңберінде төралқа төрағасы Жұмабек Жанықұлов бастаған Қазақстан Республикасының «PARYZ» Ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы БАҚ өкілдерімен кездесу өткізді. Кездесу жұмысын Халықаралық Еңбек Ұйымы делегациясын оның бас директорының арнайы өкілі – профессор Бруун Никлас басқарды.



ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК

Халықаралық Еңбек Ұйымы (ХЕҰ) әлеуметтік әділеттілікпен еріпестік қағидаттарын ілгерілетуді, еңбек саласындағы нормалар мен құқықтардың жоғары стандарттарын енгізуді өзінің мақсаты етіп қоятын Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің мамандандырылған агенттігі.

«PARYZ» Жұмыс берушілер Конфедерациясы соңғы жиырма жыл бойы ХЕҰ сессияларында Қазақстанның жұмыс берушілері атынан ресми делегаты және серіктесі болып танылады. Сондай-ақ ХЕҰ-мен бірге Қазақстанда әлеуметтік диалогты дамыту, әлеуметтік және экономикалық сипаттағы әлемдік үздік стандарттарды енгізу бойынша бірлескен жұмыс жүргізілуде. Маңызды бағыттардың бірі ретінде Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту бойынша бірлескен ұсыныстар әзірлеу және «PARYZ» Конфедерациясы мүшелерінің мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында Қазақстанның берушілері мен кәсіпкерлері біріктірілген.

Осылайша, ХЕҰ мен «PARYZ» Конфедерациясымен бірлескен жұмысқа заңнаманың халықаралық нормаларға, оның ішінде ХЕҰ мен БҰҰ Конвенциясының бірқатар сәйкессіздіктерін және олардың негізін қалайтын заңнамасына өзгерістер енгізу әзірледі. Нәтижесінде, ХЕҰ ұсыныстарын іске асыруға заңнаманы еңбек қатынастарындағы халықаралық стандарттарды келтіру жөніндегі ортақ қаулы қабылданды. Қорытынды ретінде 2020 жылғы мамырда ХЕҰ заңнамасына өзгерістер енгізілді.

ХЕҰ жоғары миссиясы аталған іссапары «PARYZ» Конфедерациясымен ынтық жұмыс одан әрі тереңдетуге және заңнамаға енгізілген өзгерістер іске асырылуына бағытталған. Сонда

NIS ҰСТАЗДЫ ТӘЖІРИБЕСІМІ

NIS педагогтерінің кәсіби кейстері мен жеке тәжірибелері «Ауыл мектебі» жобасы қатысушыларына ұсынылды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында үшінші жыл жүзеге асырып жатқан ауқымды «Ауыл мектебі» жобасы аясында Нұр-Сұлтан қаласына білім беру туралы ұйымдастырылды. Кәсіби дамудың жаңа тұғырнамаларымен жобаға қатысушы Ұлан ауданының Р.Марсеков атындағы, Катон-Қарағай ауданының С.Ластаев атындағы, Үлкен Нарын және Өрел ауылдарындағы білім ордалары, сондай-ақ Ақмола облысы Макинск қаласындағы мектеп-гимназияның директорлары мен орынбасарлары, мұғалімдері танысты.

Елордадағы №8, 85, 89 мектептер-

де, Бином мектебі және «Арқа алаңы» беру орталықтары сарайында педагогтік процесін ұйымдастыру жобаларға, білім дизайнына, STEAM на, инженерлік кабинеттеріне танытты. Сабақ технология және зертханалық жұмыстарды қолдану, тәсілдері талдау және «Арқа алаңы» беру орталықтары сыныптан тыс секцияларының таныстырды. О Халықаралық дағдарысқа Ерлан Сүлейманов ғылыми-те